

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу  
2015 жылғы 2-тоқсан

## Мазмұны

Мазмұны .....	2
Негізгі терминдер және ұғымдар .....	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	5
Резюме .....	7
1. Инфляциялық процестер .....	9
1.1. Тұтыну бағалары.....	9
1.2. Базалық инфляция .....	10
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар .....	12
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар .....	12
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар .....	13
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі.....	14
2. Инфляция факторлары.....	17
2.1. Жиынтық сұраныс .....	17
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс .....	17
2.1.2. Мемлекеттік тұтыну .....	19
2.1.3. Сыртқы сектор .....	21
2.2. Өндіріс .....	26
2.3. Еңбек нарығы .....	27
2.3.1. Еңбекпен қамту және жұмыссыздық .....	27
2.3.2. Жалақы және өтімділік.....	29
3. Ақша ұсынысы .....	31
3.1. Ақша агрегаттары .....	31
3.1.1. Ақша базасы.....	31
3.1.2. Ақша массасы.....	32
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	33
3.2. Қаржы нарығы .....	34
3.2.1. Резиденттердің депозиттері .....	34
3.2.2. Экономикаға кредиттер .....	37
3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері .....	40
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	42
4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары.....	45
4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар .....	46
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар .....	47
4.3. Ашық нарық операциялары.....	48
4.4. Тұрақты механизмдер.....	49

## Негізгі терминдер және ұғымдар

### 1-бөлім бойынша. Инфляциялық процестер

**Инфляция** Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

**Базалық инфляция** – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай 5 әртүрлі әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;

- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;

- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

**Диффузиялық индекс** кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

### 2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің **шығыстары** шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

### 3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы

**Ақша базасына** (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

**Тар ақша базасы** банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

**M1 ақша агрегаты** айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

**M2 ақша агрегаты** M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

**Ақша массасы (M3)** Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

**Аударылатын депозиттер** – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

**Басқа депозиттерге**, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

**KazPrime** индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасын білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру ставкасы, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

### 4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) валюталық саудасаттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚҚБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

## Графиктердің және кестелердің тізбесі

### Графиктер

- 1-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні
- 2-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні
- 3-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні
- 4-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні
- 5-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің серпіні
- 6-график. Ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы индексінің серпіні
- 7-график. Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 8-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖӨ-нің өсуіне үлесі
- 9-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің серпіні
- 10-график. Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар серпіні
- 11-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 12-график. Мемлекеттік бюджетті орындау (жылдық мәліметтер)
- 13-график. Металдардың әлемдік бағасының серпіні
- 14-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының серпіні
- 15-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 16-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 17-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының серпіні
- 18-график. Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының серпіні
- 19-график. Нақты ЖӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі
- 20-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 21-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 22-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының серпіні
- 23-график. Ақша агрегаттарының серпіні
- 24-график. Ақша мультипликаторының және оның құраушыларының серпіні
- 25-график. Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні
- 26-график. Заңды тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
- 27-график. Жеке тұлғалардың депозиттерінің өзгеру серпіні
- 28-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні
- 29-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің серпіні
- 30-график. Халыққа берілген кредиттердің серпіні
- 31-график. Банктердің активтерінің серпіні
- 32-график. Банктердің активтерінің құрылымы
- 33-график. Банктердің міндеттемелерінің серпіні
- 34-график. Банктердің міндеттемелерінің құрылымы
- 35-график. KazPrime индикаторының серпіні және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі
- 36-график. РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер серпіні
- 37-график. Ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер
- 38-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары
- 39-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі
- 40-график. Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті
- 41-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы
- 42-график. Айналыстағы қысқамерзімді ноттар

43-график. Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері

44-график. Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

45-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі

### **Кестелер**

1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі

2-кесте. Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру серпіні

3-кесте. Ақша массасының өзгеру серпіні

4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру серпіні

## Резюме

Инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 2015 жылғы маусымның соңында 3,9%-ды құрады, бұл 1999 жылдан бастап инфляцияның ең төменгі деңгейі болып табылады.

2015 жылғы сәуір-маусымда инфляция 0,3%-ды (2014 жылдың 2-тоқсанында – 1,5%-ды) құрады, бұл 2015 жылғы 1-тоқсандағыдан (1,1%) төмен. 2015 жылғы 2-тоқсанда инфляция қарқынының баяулауына мұнай бағасына әлемдік бағаның құлдырауы аясында азық-түлік тауарларына бағаның және халықтың нақты ақшалай кірісінің төмендеуі, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызметтерге тарифтердің өсу қарқынының төмендеуі ықпал етті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы бензиннің «әлеуметтік түріне» бағаның көтерілуі нәтижесінде айтарлықтай өсті.

Тұтынушылық бағалар индексі құрылымында азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы анағұрлым жоғары қарқынмен өсті. Бензин, киім мен аяқ-киім, үй тұрмысында пайдаланылатын заттар, сондай-ақ дәрі-дәрмек бағасының өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы қымбаттауының негізгі себебі болды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері, көлік қызметі үшін ақының төмендеуі ақылы қызмет құрылымындағы амбулаторлық қызметтер, байланыс, мейрамханалар және қонақ үйлер қызметтеріне бағаның өсуін теңестірді, нәтижесінде жалпы алғанда көрсетілетін қызметтерге бағалар өзгеріссіз қалды.

Ішкі нарықта азық-түлік тауарларына бағаның төмендеуі, ең алдымен, маусымдық факторларға және таяу шет елден әкелінген тауарлардың арзандауына байланысты.

2015 жылғы 2-тоқсанда монетарлық факторлар инфляцияға іс жүзінде ықпал еткен жоқ. Экономикадағы ақша ұсынысының негізгі көрсеткіші болып табылатын ақша массасы 2015 жылғы сәуір-маусымда 6,3%-ға өсіп, 13 103,6 млрд. теңгені (2014 жылғы маусымға қарағанда 2015 жылғы маусымда – төмендеу 2,3%) құрады. Тұтастай алғанда, ақша ұсынысының көлемі экономика өсуінің номиналды қарқынына сәйкес келеді.

Бұл ретте, 2015 жылғы 1-жартыжылдықта ІЖӨ нақты өсуі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің алдын ала деректері бойынша 1,7%-ды құрады.

Экономиканың нақты секторында дамудың оң үрдісі байқалды. Өнеркәсіптік өндіріс 2015 жылғы қаңтар-маусымда 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,6%-ға, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен қарьерлер өндіру өндірісінің – 1,1%-ға, өңдеуші өнеркәсіптің – 0,3%-ға ұлғаюы есебінен өсті, ал электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу көлемі 1,4%-ға төмендеді. Бөлшек сауда көрсетілген кезеңде 2,9%-ға, ауыл шаруашылығы өнімін жалпы шығару 3,0%-ға, құрылыс көлемі – 5,1%-ға өсті. Жүк айналымы 5,6%-ға төмендеді.

2015 жылғы 2-тоқсанда Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде ақша нарығында теңгелік қысқамерзімді өтімділікті реттеуге бағытталған операцияларды жүргізуді жалғастырды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2015 жылғы қаңтар-маусымда өзгермей, жылдық 5,5% деңгейінде қалды.

Банктердің Ұлттық Банк эмиссиялайтын бағалы қағаздарға деген сұранысының жоқ болуы жағдайында қысқамерзімді ноттарды шығару 2015 жылғы 2-тоқсанда жүзеге асырылған жоқ. Ұлттық Банк тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,2 есе төмендеді, 2015 жылғы 2-тоқсанда 500,9 млрд. теңгені құрады. Банктерге өтімділікті беру жөніндегі операциялар шеңберінде берілген қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі 2015 жылғы сәуір-маусымда 2014 жылғы 2-тоқсанға қарағанда 13,6%-ға өсті.

Банктердегі жиынтық депозиттер 2015 жылғы маусымның соңында 2015 жылғы наурызға қарағанда 6,0%-ға ұлғайып, 11960,0 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте осы кезеңде шетел валютасындағы депозиттер көлемі 0,1%-ға қысқарды (валюталық салымдардың үлесі 52,1%-ды құрады).

Экономиканы кредиттеу 2015 жылғы маусымда 2015 жылғы наурызбен салыстырғанда 10711,5 млрд. теңгеге дейін 11,1%-ға төмендеді. Халыққа берілген кредиттер көлемінің ұлғаюы көрсетілген кезеңде 1,4%-ды (үлес салмағы – 37,3%) құрады.




## 1. Инфляциялық процестер

### 1.1. Тұтыну бағалары

2015 жылғы 2-тоқсанда инфляция 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда баяулады. Инфляция деңгейінің төмендеуіне іскерлік белсенділіктің және халықтың ақша кірістерінің өсу қарқынының құлдырауы, сондай-ақ маусымдық факторлар ықпал етті. 2015 жылғы сәуір-маусымда инфляция деңгейі 0,3%-ды (2014 жылғы 2-тоқсанда – 1,5%-ды) құрады. Қарастырылып отырған кезеңде бағаның өсуі көбіне азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 1,3%-ға (2014 жылғы 2-тоқсанда – 1,5%) өсуімен байланысты. Азық-түлік тауарлары 0,2%-ға (өсу – 2,2%) арзандады, ақылы қызметтерге тарифтер өзгеріссіз қалды (өсу – 0,7%) (1-график).

1-график

**Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні (өткен кезеңге %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2015 жылғы сәуір-маусымда азық-түлік тауарлары арасында көбіне жемістер 2,8%-ға, алкогольсіз сусындар – 2,7%-ға, нан – 1,1%-ға, макарон өнімдері – 0,7%-ға, балық және теңіз өнімдері – 1,1%-ға қымбаттады. Жұмыртқаның бағасы 14,7%-ға, көкіністер – 5,4%-ға, қант – 2,0%-ға, жарма – 1,8%-ға, май және тоң май – 1,8%-ға, ет және ет өнімдері – 0,9%-ға, сүт өнімдері – 0,6%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарығында киім және аяқ-киім бағасы – 1,3%-ға, үй тұрмысында пайдаланылатын заттар – 1,3%-ға, дәрі-дәрмек бағасы 1,9%-ға өсті. Бензиннің құны 6,8%-ға, дизель отынының құны – 2,3%-ға төмендеді.

Ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 0,4%-ға төмендеді. Бұл ретте, сұйытылған газдың тарифтері 9,8%-ға, тарату желілері бойынша тасымалданатын газ – 1,9%-ға, ыстық су – 1,7%-ға түсті. Оған қоса, амбулаторлық қызметтердің бағасы – 1,7%-ға, білім беру қызметтері – 0,1%-ға, мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтерінің бағасы – 0,8%-ға, байланыс – 0,1%-ға көтерілді, көлік қызметтері – 2,4%-ға төмендеді.

2015 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 3,9%-ды құрады (2014 жылғы желтоқсанда – 7,4%). Азық-түлік тауарлары соңғы 12 ай ішінде 3,7%-ға (8,0%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,6%-ға (7,8%-ға), ақылы қызметтер – 4,4%-ға (6,4%-ға) қымбаттады (2-график).

2-график

### Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің серпіні (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

## 1.2. Базалық инфляция

2015 жылғы 2-тоқсанда 2015 жылғы 1-тоқсанмен және 2014 жылдың 2-тоқсанымен салыстырғанда базалық инфляцияның барлық көрсеткіштерінің төмендеуі байқалды. 2015 жылғы 2-тоқсанда 2-базалық инфляция, 3-базалық инфляция, 4-базалық инфляция және 5-базалық инфляция жалпы инфляция деңгейінен асты (3-график). Бұл, басқа факторлармен қатар, базалық инфляцияның басқа көрсеткіштерін есептеу кезінде алып тасталынған реттелетін қызметтер, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызметтерді, теміржол көлігін қоса алғанда, бағасының және тарифтерінің төмендеуімен байланысты.

3-график

**Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні (өткен кезеңге %-бен)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2015 жылғы 2-тоқсанда базалық инфляция деңгейінің жылдық көрсеткіш бойынша төмендеуі байқалды (4-график). 1-базалық инфляция және 2-базалық инфляция және 3-базалық инфляция 2015 жылғы маусымның қорытындылары бойынша жалпы инфляцияның деңгейінен асты. Бұл базалық инфляцияның осы көрсеткіштерін есептеу кезінде алып тасталынатын жеміс және көкініс, бензин, дизель отыны бағасының төмендеуіне байланысты.

2015 жылғы маусымның қорытындысы бойынша базалық инфляцияның жылдық көрсеткіш бойынша барлық көрсеткіші 2014 жылғы желтоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты (4-график).

## 4-график

**Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның серпіні  
(өткен жылдың тиісті айына %-бен)**

Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

### 1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар

#### 1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар

2015 жылғы 2-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бағалары 3,2%-ға өсті (2015 жылғы 1-тоқсанда 14,8%-ға төмендеді). Өндірілген өнім құнының бағасы 3,5%-ға өсті, бұл ретте оның құрамында аралық тұтыну өнімінің бағасы 4,6%-ға қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы 3,8%-ға төмендеді, тұтыну тауарлары 1,3%-ға арзандады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулердің бағасы 1,6%-ға қымбаттады.

2015 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру саласындағы бағалар 6,3%-ға өсті (2015 жылғы 1-тоқсанда 23,8%-ға төмендеді), бұған 2015 жылғы 1-тоқсанда төмендегеннен кейін мұнай бағасының өсуі себепші болды.

Энергия ресурстарының құны 2015 жылғы 1-тоқсанда 22,6%-ға төмендегеннен кейін, 2015 жылғы 2-тоқсанда 5,9%-ға өсті (2014 жылғы 2-тоқсанда 2,2%-ға өсті). Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру 6,8%-ға өсті (2014 жылғы 2-тоқсанда 3,0% өсті), ал газ конденсатының құны 16,6%-ға өсті (2014 жылғы 2-тоқсанда 0,4% өсті).


Өңдеуші өнеркәсіптегі бағаның 2015 жылғы 2-тоқсанда 0,9%-ға азайып, төмендеуі жалғасты (2014 жылғы 2-тоқсанда 2,2% өсті). Бұл ретте 2015 жылғы 2-тоқсанда өнеркәсіптің металлургия саласындағы бағалары 0,4%-ға төмендеді, мұнай өңдеу өнімдерінің бағасы 1,8%-ға арзандады.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу салаларында 2015 жылғы 2-тоқсанда бағалар өзгерген жоқ (2014 жылғы 2-тоқсанда 0,3%-ға өсті).

2015 жылғы маусымда өнеркәсіп өндірісінде бағаның төмендеуі жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда) 24,1%-ды құрады (5-график).

5-график

### Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің серпіні (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Өндірілген өнімнің бағасы жылдық көрсеткіш бойынша 26,4%-ға төмендеді, бұл ретте аралық тұтыну өнімінің бағасы 30,8%-ға төмендеді, тұтыну тауарлары – 4,4%-ға қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы – 3,6%-ға төмендеді. Өндірістік сипаттағы қызметтер 7,8%-ға қымбаттады.

#### 1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

2015 жылғы 2-тоқсанда барлық арналар бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 2,0%-ға төмендеді (2014 жылғы 2-тоқсанда 3,1%-ға өсті). Ауыл шаруашылығындағы бағалар серпіні өсімдік шаруашылығымен салыстырғанда мал шаруашылығындағы бағалардың жоғары қарқынының әсер етуімен қалыптасты.


2015 жылғы 1-тоқсанда бағалардың 1,2%-ға өсуімен салыстырғанда, 2015 жылғы сәуір-маусымда өсімдік шаруашылығы өнімінің бағасы 0,2%-ға төмендеді (2014 жылғы 2-тоқсанда 6,3%-ға өсті). Өсімдік шаруашылығының құрамында көкөністің бағасы 4,7%-ға, картоптың бағасы 4,0%-ға төмендеді, дәнді дақылдардың бағасы 0,2%-ға өсті.

Мал шаруашылығының өнімдері 2015 жылғы 1-тоқсанда 0,8%-ға төмендегеннен кейін 2015 жылғы 2-тоқсанда 4,7%-ға төмендеді (2014 жылғы 2-тоқсанда 1,7%-ға төмендеді). 2015 жылғы сәуір-маусымда мал және құс етінің бағасы 0,3%-ға төмендеді, шикі сүттің бағасы 7,6%-ға төмендеді, жұмыртқа бағасы 21,6%-ға арзандады.

2015 жылғы маусымның қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы жылдық көрсеткіш бойынша 4,6%-ға өсті. Бұл ретте өсімдік шаруашылығының өнімі 10,8%-ға қымбаттады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 4,5%-ға төмендеді (6-график).

6-график

### Ауыл шаруашылығы өнімінің бағалары индексінің серпіні (өткен жылғы тиісті айға %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

#### 1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2015 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс жалпы алғанда нақты сектор бойынша төмендеу қарқыны бәсеңдеді, мұны сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индекстің (ДИ) 46,3-ке дейін (2015 жылғы 1-тоқсандағы 31,4-тен) көтерілуі растайды. Көрсеткіштің жақсаруы өз өніміне сұраныстың ұлғаюын белгілеген кәсіпорындар үлесінің айтарлықтай ұлғаюы (2015 жылғы 1-тоқсандағы 9,8%-дан 23,3%-ға дейін), сондай-ақ өніміне сұраныс қысқарған кәсіпорындар үлесінің азаюы (2015 жылғы 4-тоқсандағы 47,1%-дан 30,7%-ға дейін) себепші болды.

Дайын өнімге сұраныстың өсуі «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау», «ауыл, орман және балық шаруашылығы» және «ақпарат және байланыс» салаларында тіркелді, олар бойынша ДИ 2015 жылғы 2-тоқсанда тиісінше 65,6, 57,0 және 53,7 болды (2015 жылғы 1-тоқсанда тиісінше 43,8, 47,9 және 32,2). Сұраныстың бәсеңдеуі «өндеуші өнеркәсіп» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 27,7-ден 48,7-ге дейін), «құрылыс» (ДИ 2015 жылғы 1-тоқсандағы 26,7-ден 48,3-ке дейін) көтерілді, «көтерме және бөлшек сауда» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 28,6-дан 43,3-ке дейін) және «көлік және қоймаға сақтау» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 28,0-ден 43,2-ге дейін) салаларында байқалды. Бұл ретте сұраныстың айтарлықтай төмендеуі «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» саласында ғана байқалды» (ДИ 2015 жылғы 1-тоқсандағы 57,0-ден 37,2-ге дейін төмендеді).

Кәсіпорындардың күтуі бойынша 2015 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы 3-тоқсанда жалпы алғанда нақты сектор бойынша дайын өнімге сұраныс көтеріледі: ДИ 56,5-ті құрады.

2015 жылғы 3-тоқсанда экономиканың барлық саласында сұраныстың ұлғаюы күтіледі. Сұраныстың өсуі «өндеуші өнеркәсіп» (ДИ – 59,6) және «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (59,3) салаларында көбірек күтіледі.

Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның төмендеу қарқыны жалпы нақты сектор бойынша 2015 жылғы 2-тоқсанда шамалы бәсеңдеді: дайын өніміне бағасының

өзгеру ДИ 47,2 болды (2015 жылғы 1-тоқсанда - 45,2). Дайын өнім бағасының өсу қарқыны «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» саласында бәсеңдеді (ДИ 2015 жылғы 1-тоқсандағы 62,2-ден 54,3-ке дейін төмендеді). Сонымен қатар, дайын өнім бағасы 2015 жылғы 1-тоқсанда «ақпарат және байланыс» саласында төмендеді (ДИ 2015 жылғы 1-тоқсандағы 55,8-ден 48,8-ге дейін төмендеді). Бұл ретте, дайын өнім бағасының өсу қарқынының шамалы ұлғаюы «ауыл, орман және балық шаруашылығы» және «құрылыс» салаларында тіркелді, оларда ДИ 2015 жылғы 1-тоқсанда тиісінше 44,4 және 48,2-ден 50,3 және 50,5-ке дейін көтерілді.

Тұтынушылық өнім өндіруші кәсіпорындардың дайын өнімінің және қызметінің бағасы (бұдан әрі – тұтыну өнімі мен қызметтің бағасы) 2015 жылғы 2-тоқсанда төмендеу жағына қарай қалды: ДИ 47,7-ні құрады (2015 жылғы 1-тоқсанда 46,1 болды).

2015 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы 3-тоқсанда жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша дайын өнімнің бағасының шамалы өсуі күтіледі (диффузиялық индекс 52,1 болды). Бағаның өсу қарқынының ұлғаюы: «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» (ДИ 58,5 болды), «құрылыс» (53,0) және «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (51,7) салаларында күтіледі. Бағаның өсуі сондай-ақ «көтерме және бөлшек сауда» (ДИ 2015 жылғы 2-тоқсандағы 46,6-дан 54,5-ке дейін), «көлік және қоймаға сақтау» (2015 жылғы 2-тоқсандағы 44,3-тен 51,3-ке дейін) және «ақпарат және байланыс» (2015 жылғы 2-тоқсандағы 48,8-ден 51,2-ге дейін) салаларында күтіледі. Бұл ретте дайын өнім бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуі «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және таратуды бақылау» саласында күтіледі: (ДИ 2015 жылғы 2-тоқсандағы 56,3-тен 54,7-ге дейін төмендеді).

Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2015 жылғы 3-тоқсанда тұтынушылық өнімнің және қызметтің бағасы көтеріледі: баға өзгеруінің ДИ 52,0 болды (2015 жылғы 2-тоқсанда – 47,8).


2015 жылғы 2-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі шамалы жеделдеуі: баға өзгеруінің ДИ 64,0 болды (2015 жылғы 1-тоқсанда – 61,7). Бағаның өсу қарқынның жеделдеуі «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (ДИ 2015 жылғы 1-тоқсандағы 66,3-тен 72,4-ке дейін көтерілді), «құрылыс» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 65,2-ден 67,8-ге дейін), «көлік және қоймаға сақтау» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 62,5-тен 64,9-ға дейін) және «өндеуші өнеркәсіп» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 59,3-тен 63,7-ге дейін) салаларында байқалды. Бұл ретте шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы 1-тоқсанда «ақпарат және байланыс» (ДИ 2015 жылғы 1-тоқсандағы 76,7-ден 68,3-ке дейін төмендеді) және «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» (2015 жылғы 1-тоқсандағы 76,2-ден 70,7-ге дейін) салаларында бәсеңдеді.

Кәсіпорындардың күтулері бойынша, 2015 жылғы 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі бәсеңдейді (диффузиялық индекс 60,9 болды).

Осылайша, тиісті диффузиялық индекстер серпіні негізінде кәсіпорындардың бағалауы бойынша 2015 жылғы 3-тоқсанда дайын өнімге сұраныс пен дайын өнім бағасының көтерілуі күтіледі. Сонымен қатар, шикізат және материалдар бағасының өсуі кәсіпорындардың күтуі бойынша бәсеңдейді (7-график).

7-график

## Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



## 2. Инфляция факторлары

### 2.1. Жиынтық сұраныс

2015 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен, 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, бағалау бойынша нақты көрсеткішпен 2,0%-ға ұлғайды (2014 жылғы 4-тоқсанда өсім бағалау бойынша 4,3% болды).


ІЖӨ-нің 2015 жылғы 1-тоқсандағы өсуі үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуі, таза экспорттың өсуі және жалпы жинақтаудың ұлғаюы салдарынан қалыптасты.

Жалпы алғанда, бағалау бойынша, 2014 жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда түпкілікті тұтыну шығыстары 2015 жылғы 1-тоқсанда 4,1%-ға өсті (2014 жылғы 4-тоқсанда 5,7%-ға төмендеді), жалпы жинақ 8,0%-ға төмендеді (9,3%-ға өсті), ал таза экспорт 7,9%-ға өсті (16,9%-ға төмендеді).

Нәтижесінде түпкілікті тұтынуға арналған шығыстар ІЖӨ-нің өсуіне (+) 2,9% мөлшерінде қалыптасуына оң үлес қосты, таза экспорт ІЖӨ-нің (+) 0,7% мөлшерде өсуіне оң ықпал етті, жалпы жинақта ІЖӨ (-)1,6%-ға төмендеді (8-график).

8-график

#### Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ІЖӨ-нің өсуіне үлесі, %



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

#### 2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс

2015 жылғы 1-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,1%-ға ұлғайды (2014 жылғы 4-тоқсанда 8,9%-ға төмендеді).


Ақша кірісінің жан басына шаққандағы өсу қарқыны номиналдық көрсеткішпен 2015 жылғы 1-тоқсанда 9,7%-ға дейін баяулады (2014 жылғы 4-тоқсанда 11,4%-ға өсті), ал нақты көрсеткішпен 3,3%-ға дейін өсті (3,6%-ға өсті). Бұл ретте халық табысы өсуінің бәсеңдеуі бөлшек тауар айналымына айтарлықтай оң әсер етті, оның өсу қарқыны 2014 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 3,6% болып, баяулады (2014 жылғы 4-тоқсанда 11,6%-ға өсті).

Халық кірістерінің өсуінің тежелуі бөлшек тауар айналымының өсу қарқынының баяулауына әкелді. Бұл ретте түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ-нің негізгі құрамдас бөліктерінің біріне айтарлықтай әсер еткен жоқ, атап айтқанда, үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтыну шығыстары 2015 жылғы 1-тоқсанда 4,1%-ға өсті, ол 2014 жылғы 4-тоқсанда құлдырауды көрсетті (9-график).

2014 жылғы 4-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуға шығыстарының төмендеуіне, көп жағдайда, жылдың соңында девальвациялық күтулердің өсуі және Ресей рублінің әлсіреуі себепші болды. Рубльдің түсуі Ресей өнімінің бағалық тартымдылығын арттырды және халық шығыстарының бір бөлігі 2014 жылғы 4-тоқсанда Ресей Федерациясының аумағына қайта бағытталды, ал 2015 жылғы 1-тоқсанда сұраныс біршама қалпына келді.

9-график

### Халықтың шығыстары мен кірістерінің серпіні (өткен жылғы тиісті кезеңге %)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Өткен екі тоқсан ішінде өсудің тежелуінен кейін 2015 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі өсті, бұл негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсу қарқынының жеделдеуіне себепші болды. 2015 жылғы 1-тоқсанда инвестициялардың көлемі 3,8%-ға өсті (2014 жылғы 4-тоқсанда өсу 1,2% болды). Бұл ретте ІЖӨ құрамындағы негізгі капиталды жалпы жинақтау өсті және тиісті тоқсанға қатысты ұлғаюы 2,6% (2014 жылғы 4-тоқсанда – 7,3%-ға төмендеді) болды (10-график).

10-график

### Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар серпіні (өткен жылдың тиісті кезеңіне %)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика агенттігі комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

#### 2.1.2. Мемлекеттік тұтыну

Мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар 2015 жылғы 1-тоқсанда 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,2%-ға өсті (2014 жылғы 4-тоқсанда – 8,3%-ға өсті).

Жалпы алғанда, 2015 жылғы 1-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 1779,7 млрд. теңге сомаға немесе ЖӨ-ге шаққанда 21,6%-ға қаржыландырылды (2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 10,0%-ға ұлғайды).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 1546,9 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылғы 1-тоқсанға қарағанда 8,4%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында негізгі үлесті қызметтер мен жұмыстарды алуға кеткен шығындар (29,4%), заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер (28,0%), жалақы (16,7%), басқада ағымдағы шығындар (12,7%), бюджеттік субсидиялар (4,0%), қорды алу (3,3%), ішкі қарыздар бойынша сыйақыны төлеу (3,1%) және жұмыс берушілердің жарналары (1,3%) алды.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2015 жылғы 1-тоқсанда 2014 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, негізгі құрал-жабдықтарды күрделі жөндеуге (25,7%), негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес және биологиялық активтерді (6,8%) сатып алуға жұмсалған шығыстардың және дамуға бағытталған күрделі шығындарға жұмсалған шығыстардың (4,9%) төмендеуі есебінен 6,5%-ға төмендеді.

Бюджеттік кредиттер 2015 жылғы 1-тоқсанда 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 10,2 есе ұлғайды, қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығыстар 6,7%-ға төмендеді.

2015 жылғы 1-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 1764,6 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің шаққанда 21,4% болды, бұл 2014 жылғы 1-тоқсанға қарағанда 1,3%-ға көп. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым тұр: салық түсімдері – 57,1% (2014 жылғы 1-тоқсанда – 65,2%), ресми трансферттер – 39,0%

(31,7%). Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қордан трансферттердің 687,4 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді.

Тұтастай алғанда 2015 жылғы 1-тоқсанда салық түсімдеріне түскен кірістің көрсеткіштері 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда, қосылған құнға салық бойынша түсімдердің төмендеуі есебінен 11,3%-ға төмендеді. Бұл ретте акциздер бойынша, әлеуметтік салық бойынша түсімдер, жеке табыс салығы бойынша және табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер ұлғайды.


2015 жылғы 1-тоқсанда салықтық емес түсімдер 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда негізінен, мемлекеттік меншіктен түскен кірістерден түсімдердің, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуларды жүргізуден түскен ақша түсімдерінің және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салған айыппұлдардан, өсімпұлдардан, санкциялардан, өндіріп алулардан түсімдердің ұлғаюы есебінен 46,8%-ға ұлғайды.

2015 жылғы 1-тоқсанда трансферттердің түсуі 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 24,5%-ға ұлғайды, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 27,5%-ға төмендеді.

2015 жылғы 1-тоқсанда кірістердің шығыстардан асып түсу нәтижесінде мемлекеттік бюджет 15,1 млрд. теңге тапшылықпен қалыптасты (ІЖӨ-ге шаққанда 0,2%), 2014 жылғы 1-тоқсанда профицит 124,4 млрд. теңге (ІЖӨ-ге шаққанда 1,6%) мөлшерінде болды (11-график). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 687,4 млрд. теңге мөлшерінде аударылған трансферттерді қоспағанда, 2015 жылғы 1-тоқсанның 702,5 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

11-график

**Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, ІЖӨ-ге шаққанда %-бен**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Қаржы министрлігі 2015 жылғы 1-тоқсан ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару арқылы 300,7 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қаражатын

тартты. Осы кезеңде сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер 151,0 млрд. теңге сомасына өтелді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ұлттық Банктегі шотындағы қалдық 134,6 млрд. теңгеге төмендеді.


2015 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша үкіметтік ішкі борыш 4323,5 млрд. теңге (ІЖӨ-ге шаққанда 52,4%) болды, бұл 2014 жылғы 1 сәуірдегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 17,7%-ға көп (ІЖӨ-ге шаққанда 48,5%). Өсу мемлекеттік ұзақмерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді (МЕУЖКАМ), мемлекеттік қысқамерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕККАМ), мемлекеттік ұзақмерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) және мемлекеттік ортамерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2015 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2014 жылғы 1 сәуірдегі көлемімен (ІЖӨ-ге шаққанда 17,3%) салыстырғанда 56,5%-ға ұлғайып, 1423,7 млрд. теңге (ІЖӨ-ге шаққанда 12,0%) болды.

2015 жылғы 1-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің дефицит жылдық көрсеткіш бойынша ІЖӨ-нің (-)3,2% (2013 жылғы 1-тоқсанда – дефицит ІЖӨ-нің (-)1,8%) болды (12-график).

12-график

### Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, жылдық көрсеткіш бойынша ІЖӨ-ге шаққанда %-бен



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

\* – 2014 жылғы 2-тоқсан - 2015 жылғы 1 тоқсан аралығындағы кезең үшін

### 2.1.3. Сыртқы сектор

#### – Әлемдік бағалар


2014 жылғы 4-тоқсанда әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал түрлі бағыттағы үрдістермен сипатталды.

Қорғасынның әлемдік бағасы орташа алғанда кезеңде 181,0 цент болып, 2015 жылғы 1-тоқсанда 9,5%-ға төмендеді. Қорғасын бағасы кезеңде килограммы үшін орта

бағасы 208,0 цент кезінде 7,0%-ға төмендеді. Мыс пен алюминийдің бағасы 2015 жылғы 1-тоқсанда түрлі бағыттағы үрдістермен сипатталды: бағаның өсуі төмендеуімен ауысты. Тұтастай алғанда 2015 жылғы 1-тоқсанда алюминий 8,5%-ға арзандады және бір тоннасы үшін 1802,1 АҚШ доллары белгісіне жетті, мыс бір килограммы үшін 5833,2 АҚШ доллары деңгейіне жетіп, 12,0%-ға арзандады (13-график).

13-график

### Металдардың әлемдік бағасының серпіні




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

Мұнайдың әлемдік бағасы 2014 жылғы 2 жартыжылдықта құлдырағаннан кейін 2015 жылғы 1-тоқсанда тұрақтанды. Жалпы алғанда Brent сұрыпты мұнай алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2015 жылғы 1-тоқсанда 29,0%-ға арзандады және орташа алғанда кезеңде бір баррель үшін 53,9 АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты (14-график).

Бидайдың әлемдік бағасы 2015 жылғы 1-тоқсанда төмендеді. Тұтастай алғанда, 2015 жылғы 1-тоқсанда бидайдың әлемдік бағасы (АҚШ) алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 7,4%-ға төмендеп, орташа алғанда бір тонна үшін 238,8 АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты (14-график).

14-график

## Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының серпіні




Дереккөзі: Дүниежүзілік Банк

## – Төлем балансы

2015 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 205,4 млн. АҚШ доллары немесе тиісті кезеңдегі ЖІӨ-ге қатысты (-)0,5% теріс сальдомен қалыптасты (15-график).

15-график

## Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ доллары



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2015 жылғы 1-тоқсанда 2014 жылғы 1-тоқсанның осындай көрсеткішімен салыстырғанда 12,1 млрд. АҚШ долларына дейін 46,9%-ға азайды, тауар импортына жұмсалған шығыстар 2014 жылғы 1-тоқсанмен

салыстырғанда 8,5%-ға төмендеп, 7,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Сауда балансының оң сальдосы 3,4 есе азайды және 4,2 млрд. АҚШ доллары болды. 2015 жылғы 1-тоқсанда қызмет көрсету балансының тапшылығы 2014 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,1 млрд. АҚШ долларына дейін 10,7%-ға азайды, бастапқы кірістер балансының тапшылығы (еңбекақы төлеу, инвестициялық және басқа да бастапқы кірістер) 2,0%-ға азайды және 3,0 млрд. АҚШ доллары болды. Қайталама кірістер операциялары бойынша бейрезиденттерге нетто-төлемдер (ағымдағы трансферттер) 235,1 млн. АҚШ долларын құрады.

Қаржы шотының сальдосы (резервтік активтерді есептемегенде) 2015 жылғы 1-тоқсанда 2,4 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде теріс (2014 жылғы 1-тоқсанда оң сальдо 2,2 млн. АҚШ доллары) болып қалыптасты. Резиденттердің шетелдік активтерін (резервтік активтерді қоспағанда) таза сатып алу (-)2,9 млрд. АҚШ доллары (2014 жылғы 1-тоқсанда таза сатып алынуы 4,9 млрд. АҚШ доллар) болды. Міндеттемелерді таза қабылдау 0,5 млрд. АҚШ доллары теріс сальдомен қалыптасты (2014 жылғы 1-тоқсанда оң сальдо 2,7 млрд. АҚШ доллары).

Нәтижесінде 2015 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансы 510,3 млн. АҚШ доллары теріс сальдомен қалыптасты (2014 жылғы 1-тоқсанда – 1,3 млрд. АҚШ доллары теріс сальдо).

#### – Сауда талаптары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2015 жылғы 1-тоқсанда сауда талаптарының жиынтық индексі 2014 жылғы 1-тоқсанның тиісті көрсеткішінен 17%-ға төмен болды. Бұл ретте еуро аймағындағы елдермен сауда талаптарының индексі 40%-ға, ал Ресеймен – 29%-ға өсті (1-кесте).

1-кесте

#### Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылғы тиісті кезеңге қатысты, %-бен)

	2013 4-тоқ.	2014 1-тоқ.	2014 2-тоқ.	2014 3-тоқ.	2014 4-тоқ.	2015 1-тоқ.
Экспорттық бағалар	-3	-5	-5	4	-13	-34
Импорттық бағалар	-3	6	3	-9	-9	-20
<b>Сауда талаптары</b>	<b>0</b>	<b>-10</b>	<b>-8</b>	<b>14</b>	<b>-4</b>	<b>-17</b>
оның ішінде:						
<b>Еуро аймағының елдері</b>						
Экспорттық бағалар	1	-1	-6	7	-15	-41
Импорттық бағалар	9	70	-36	-33	-14	-58
<b>Сауда талаптары</b>	<b>-6</b>	<b>-42</b>	<b>47</b>	<b>59</b>	<b>-1</b>	<b>40</b>
<b>Ресей</b>						
Экспорттық бағалар	-10	-13	-6	-3	-10	-11
Импорттық бағалар	-6	-6	-7	-2	-14	-31
<b>Сауда талаптары</b>	<b>-4</b>	<b>-7</b>	<b>0</b>	<b>-1</b>	<b>5</b>	<b>29</b>

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2015 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 10,8%-ға нығайды. ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 23,0%-ға, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 7,1%-ға нығайды.

2015 жылғы 1-тоқсанда теңге нақты көрсеткіш бойынша алдыңғы кезеңмен салыстырғанда АҚШ долларына қатысты 0,2%-ға нығайды, еуроға қатысты 12,6%-ға, Ресей рубліне қатысты 23,0%-ға нығайды (16-график).



16-график

### Теңгенің нақты айырбастау бағамдарының индекстері (2000 жылғы желтоқсан = 100%)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### – Теңгенің номиналдық айырбастау бағамы

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2015 жылғы 2-тоқсанда бір АҚШ доллары үшін 185,27 теңгені құрады. Биржалық бағам кезеңнің соңында бір АҚШ доллары үшін 186,20 теңге болды. Жыл басынан бері теңге номиналдық көрсеткіш бойынша АҚШ долларына қарағанда 2,1%-ға әлсіреді (17-график).

17-график

### Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының серпіні



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2015 жылғы сәуір, мамыр және маусымда АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы 0,1%-ға әлсіреді.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментте еуромен және Ресей рублімен жасалған мәмілелердің көлемі шамалы болғандықтан, осы валюталарға қатысты теңгенің бағамы АҚШ долларына қатысты кросс-бағамы негізінде есептеледі. Тиісінше, еуроға және Ресей рубліне қатысты теңге бағамының серпіні АҚШ долларына қатысты теңге бағамының серпінімен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай Еуропа валютасының жағдайымен және Ресей Орталық банкінің валюталар қоржынына қатысты Ресей рублінің айырбастау бағамымен айқындалды.

Жалпы алғанда, 2015 жылғы 2-тоқсанда АҚШ долларына қатысты теңгенің ресми бағамы 0,3%-ға, Ресей рубліне қатысты 5,0%-ға, еуроға қатысты 2,7%-ға әлсіреді (18-график).

18-график

### Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының серпіні




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2.2. Өндіріс

2015 жылғы 2-тоқсанда ЖІӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 8843,3 млрд. теңге болды. Экономиканың барлық негізгі салаларында өндірістің өсуінің жағымды ықпалының әсерінен ІЖӨ 2014 жылғы 2-тоқсанға қатысты нақты көрсеткіш бойынша (2005 жылғы бағамен) есептеуде 2,4%-ға ұлғайды (19-график).

19-график

### Нақты ІЖӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

**Тауарлар өндірісі.** Тауарлар өндірісі сегментінде электрмен қамтамасыз етуді және сумен қамтамасыз етуді қоспағанда, ішкі жалпы өнімнің осы құрамдас бөлігіне кіретін барлық негізгі салалар бойынша көрсеткіштер өсті. Бағалау бойынша, 2015 жылғы 2-тоқсанда құрылыстың көлемі 5,1%-ға өсті (2015 жылғы 1-тоқсанда – 1,9%-ға өсті), ауыл шаруашылығы 3,0%-ға өсті (2,9%-ға өсті), өнеркәсіп өндірісінің көлемі 0,6%-ға өсті (өсім 1,0%). Нәтижесінде, тауарлар өндірісінің сегменті ЖІӨ қалыптастыруға (+)0,8% мөлшерде оң үлесін қосты.

**Қызмет көрсету өндірісі.** Қызмет көрсету өндірісі сегментінде ішкі жалпы өнімнің осы құрамдас бөлігіне кіретін барлық негізгі салалары іс жүзінде өскенін көрсетті. Нәтижесінде, қызмет өндірісі секторына кіретін салалар жиынтықта ЖІӨ-нің өсуіне (+)1,9% мөлшерінде оң үлес қосуға себепші болды.

**Өнімге және импортқа таза салықтар.** Өнімге және импортқа таза салықтар көлемінің 4,1%-ға төмендеуі ЖІӨ-нің (-)0,2% мөлшерінде өсуін қалыптастыруға (2015 жылғы 1-тоқсанда үлесі (+)0,01% мөлшерінде) теріс әсер етті.

Осылайша, 2015 жылғы 2-тоқсанда ЖІӨ өсуінің негізгі қозғауыш күші (2015 жылғы 1-тоқсандағыдай) қызмет көрсету өндірісі секторы болып табылды.

## 2.3. Еңбек нарығы

### 2.3.1. Еңбекпен қамту және жұмыссыздық


2015 жылғы 2-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны алдын ала деректер бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда 0,7%-ға азайып, 8,6 млн. адам болды (2014 жылғы 2-тоқсанға қарағанда төмендеу 0,9% болды). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,9%-ға ұлғайып, 6,3 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,3 млн. адам (төмендеуі – 7,1%) болды.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 5,5 млн. адам (барлық жалданып жұмыс істейтіндердің 88,5%-ы), жеке тұлғаларда – 0,6 млн. адам (9,4%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,1 млн. адам (2,2%) жұмыс істеді.

2015 жылғы 2-тоқсанда жұмыссыздар саны 448,5 мың адам болды, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 0,5%-ға аз және 2014 жылғы 1-тоқсандағыдан 1,6%-ға аз (20-график).

20-график

### Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті


2015 жылғы 2-тоқсанда ірі және орташа кәсіпорындарда жұмыс істейтін жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.

2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда жұмыспен қамтудың өсуін қамтамасыз ететін негізгі салалар мыналар болды: жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар; тұру, тамақтану жөніндегі қызметтер; өнер, ойын-сауық және демалыс; мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету; құрылыс; көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу; қаржы және сақтандыру қызметі.

Бұл ретте бір саладағы жұмыспен қамтылғандар санының азаюы олардың басқа салалардағы өсуімен толық өтелді. Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейі 2015 жылғы 2-тоқсанда 5,0% болды және 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа төмендеді (21-график).

21-график

## Нақты жұмыссыздық деңгейі, %



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

### 2.3.2. Жалақы және өтімділік

2015 жылғы 2-тоқсанда орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда номиналдық көрсеткіш бойынша 2,9%-ға өсті (2015 жылғы 1-тоқсанда – 9,1%-ға өсті), ал нақты көрсеткіш бойынша 1,4%-ға төмендеді (өсуі – 2,7%).

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналдық жалақы 4,7%-ға өсті, ал нақты жалақы 4,3%-ға артты.


2015 жылғы 2-тоқсанда 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда номиналды көрсеткіш бойынша жалақы барынша көп дәрежеде мына салалар бойынша: тұру және тамақтану жөніндегі қызметтер – 9,6%-ға; білім беру – 7,7%-ға; көтерме және бөлшек сауда – 7,0%-ға; өнер, ойын-сауық және демалыс – 7,0%-ға; ауыл, орман және балық шаруашылығы – 5,6%-ға; ақпарат және байланыс – 5,2%-ға жоғарылады.

2015 жылғы 2-тоқсанда ақшалай көрсеткіш бойынша жалақының ең жоғарғы мөлшері «Бас компанияларының қызметі; басқару мәселелері бойынша консультациялар» саласында (473,7 мың теңге), ал ең төменгі мөлшері «Балық шаруашылығы және аквамәдениет» саласында (40,7 мың теңге) болды.

2015 жылғы 2-тоқсанда нақты көрсеткіш бойынша орташа айлық жалақының алдыңғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеуі, сондай-ақ экономикада жұмыспен қамтылған адамдар санының азаюы еңбек өнімділігі индексінің өсу қарқынына ықпал етті, ол 3,7% деңгейіне дейін үдеді (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша), ал бір тоқсан бұрын индекстің өсімі 2,3% болды (22-график).

22-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге қатынасы %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


### 3. Ақша ұсынысы

#### 3.1. Ақша агрегаттары

2014 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда ақша базасы 12,8%-ға, тар ақша базасы 10,0%-ға кеңейді, ақша массасы 2,3%-ға, айналыстағы қолма-қол ақша 21,3%-ға қысқарды (23-график).

23-график

#### Ақша агрегаттарының серпіні (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### 3.1.1. Ақша базасы

2015 жылғы 2-тоқсанда ақша базасы 27,5%-ға кеңейді және 4191,2 млрд. теңгені құрады. Тар ақша базасы 3877,9 млрд. теңгеге дейін 24,6%-ға кеңейді.

2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда Ұлттық қорды қоспағанда, Ұлттық Банктің сыртқы, сондай-ақ ішкі активтерінің өсуі нәтижесінде ақша базасы 12,8%-ға кеңейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2014 жылдың тиісті айымен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда 28,1 млрд. АҚШ долларына дейін 9,5%-ға ұлғайды, олардың ішінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) қаралып отырған кезеңде 6,5%-ға өсті, алтындағы активтер 18,1%-ға өсті.

2014 жылғы маусыммен салыстырғанда, 2015 жылғы маусымда Ұлттық қорды қоспағанда, Ұлттық Банктің таза ішкі активтері ішкі экономикаға қойылатын талаптардың өсуі нәтижесінде ұлғайды (2-кесте).

2-кесте

**Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру серпіні  
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	қыр. 14	жел. 14	нау. 15	мау.15
<b>Таза халықаралық резервтер</b>	<b>14,8</b>	<b>15,7</b>	<b>10,6</b>	<b>9,5</b>
<b>ҰҚ-сыз таза ішкі активтер</b>	<b>-78,5</b>	<b>-167,1</b>	<b>84,2</b>	<b>157,0</b>
Үкіметке таза талаптар	60,2	-3,5	-14,8	62,7
Үкіметтен бөлек, экономиканың басқа секторларына қойылатын талаптар	8,6	25,9	-3,1	25,8
Басқа да таза ішкі активтер	-61,6	-72,3	3,8	7,1
<b>Ақша базасы</b>	<b>34,9</b>	<b>20,8</b>	<b>-3,6</b>	<b>12,8</b>
<b>Тар ақша базасы</b>	<b>29,9</b>	<b>18,9</b>	<b>-7,9</b>	<b>10,0</b>

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.1.2. Ақша массасы

2015 жылғы 2-тоқсанда ақша массасы 13103,6 млрд. теңгеге дейін 6,3%-ға ұлғайды.

2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда оның төмендеуі банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің төмендеуі нәтижесінде 2,3% болды (3-кесте).

3-кесте

**Ақша массасының өзгеру серпіні  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	қыр. 14	жел. 14	нау. 15	мау.15
<b>ҰҚ-сыз таза сыртқы активтер</b>	<b>29,8</b>	<b>15,3</b>	<b>-5,6</b>	<b>-30,8</b>
<b>ҰҚ-сыз ішкі активтер</b>	<b>6,0</b>	<b>16,0</b>	<b>17,5</b>	<b>50,6</b>
Үкіметке талаптар	78,8	6,8	-12,0	96,5
Үкіметтен бөлек, экономиканың басқа секторларына қойылатын талаптар	11,7	5,7	-0,5	-3,3
Басқа да таза ішкі активтер	-19,2	-1,5	8,2	30,6
<b>Ақша массасы</b>	<b>16,5</b>	<b>10,5</b>	<b>-3,7</b>	<b>-2,3</b>
Айналыстағы қолма-қол ақша	-5,8	-25,8	-21,4	-21,3
Резиденттердің депозиттері	19,7	15,9	-1,7	0,0

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ақша массасының төмендеуі Ұлттық қорды қоспағанда, банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің төмендеуі аясында болды. Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2014 жылғы тиісті айымен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда банктердің таза сыртқы активтері азайды. Банктердің таза сыртқы активтерінің төмендеуі, негізінен, бейрезиденттерге қойылатын талаптардың төмендеуіне байланысты болды.


Ақша массасының негізгі құрауыштарының құрылымында айналыстағы қолма-қол ақшаның қысқаруы тіркелді. Нәтижесінде, ақша массасы құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2014 жылғы маусымдағы 89,2%-дан 2015 жылғы маусымның қорытындысы бойынша 91,3%-ға дейін өсті.



Ақша мультипликаторы ақша массасының азаюы аясындағы ақша базасының кеңеюі нәтижесінде 2014 жылғы маусымдағы 3,61-ден 2015 жылғы маусымда 3,13-ке дейін төмендеді. Сонымен қатар, қаралып отырған кезеңде резервтеу коэффициентінің ұлғаюы аясында қолма-қол ақшаға басымдық беру коэффициентінің төмендеуі байқалды (24-график).

24-график

**Ақша мультипликаторының және оның құрауыштарының серпіні**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша**

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2015 жылғы 2-тоқсанда 1143,6 млрд. теңгеге дейін 10,3%-ға ұлғайды.

2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда айналыстағы қолма-қол ақша 21,3%-ға азайды. Сонымен бірге, банктердің кассаларына ақшаның түсімі 1560,9 млрд. теңгеге дейін 8,5%-ға, банктердің кассаларынан қолма-қол ақшаны беру 1529,9 млрд. теңгеге дейін 14,2%-ға азайды.

2014 жылғы тиісті аймен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда қолма-қол ақшаның төмендеуі ақша түсімінің тауарларды, қызметтерді және орындалған жұмыстарды сату бойынша, шетел валютасымен операциялар бойынша, қарыздар бойынша, жеке тұлғалардың біржолғы ақша аударымдары (шотты ашпай) бойынша және осы кезеңдегі басқа да баптар бойынша ақша түсімдерінің беруден басым болуына байланысты орын алды. Бұл ретте аталған факторлардың ықпалы еңбекақы төлеу, зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды беру, халық өз табысын қолма-қол ақшаға айналдыра алатын банкоматтарды күшейту үшін берілген ақшамен, сондай-ақ жеке тұлғалардың шоттары бойынша ақша берудің ақша түсімінен басым болуымен бейтараптандырылған жоқ.

## 3.2. Қаржы нарығы

### 3.2.1. Резиденттердің депозиттері

Резиденттердің депозиттері 2015 жылғы 2-тоқсанда 6,0%-ға ұлғайып, 2015 жылғы маусымның соңында 11960,0 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 8,7%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 1,6%-ға ұлғайды.

Депозиттер құрамындағы мерзімді депозиттердің көлемі (ХВҚ жіктелімі бойынша – «басқа депозиттер»<sup>1)</sup>) 2015 жылғы 2-тоқсанда 3,3%-ға ұлғайып, 2015 жылғы маусымның соңында 8033,0 млрд. теңгені құрады. Ұлттық валютадағы мерзімді депозиттер 3474,6 млрд. теңгеге дейін 7,0%-ға, ал шетел валютасындағы мерзімді депозиттер 4558,4 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды. Депозиттік базаның жалпы көлеміндегі мерзімді депозиттердің үлес салмағы тоқсан ішінде 68,9%-дан 67,2%-ға дейін төмендеді.

2015 жылғы 2-тоқсанда депозиттік базаның жай-күйі заңды және жеке тұлғалардың теңгедегі жинақ ақшаларының ұлғаюымен ұлттық валютадағы депозиттердің өскенімен, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттерінің төмендеуімен сипатталды.

Нәтижесінде ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2015 жылғы сәуірде аздап төмендегеніне (2,9%-ға) қарамастан, 5954,1 млрд. теңгені құрап, 13,0%-ға ұлғайды. Бұл ретте заңды тұлғалардың теңгедегі депозиттері 16,5%-ға ұлғайды, ал жеке тұлғалардың жинақ ақшалары 3,2%-ға төмендеді.

Шетел валютасындағы депозиттер 2-тоқсанда 6005,9 млрд. теңгені құрап, 0,1%-ға төмендеді. Заңды тұлғалардың валютамен депозиттерінің көлемі 0,9%-ға азайса, жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 0,8%-ға ұлғайды.

Жалпы, шетел валютасындағы депозиттер төмендеуінің жоғары қарқыны депозит нарығының долларлану дәрежесінің азаюына және ұлттық валютадағы депозиттердің үлес салмағының 44,5%-дан 49,8%-ға дейін өсуіне әкеліп соқтырды.

Осылайша, 2015 жылғы 2-тоқсанда заңды тұлғалардың шоттарына ұлттық валютаның әкелінуі банктердің ресурстық базасы ұлғаюының негізгі көзі болып табылды. Бұл ретте заңды тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттерінің өсімі 2015 жылғы мамырда байқалып (2,4%-ға төмендеу), артынша маусымда өскеніне (0,9%-ға) қарамастан, теріс серпінді көрсетті (4-кесте).

4-кесте

#### Резиденттер депозиттерінің өзгеру серпіні (алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)

	2012 маусым	2013 маусым	2014 маусым	2015 маусым
<b>Резиденттердің депозиттері</b>	<b>7,5</b>	<b>11,8</b>	<b>18,6</b>	<b>2,3</b>
<i>жеке тұлғалардың</i>	<i>10,6</i>	<i>6,9</i>	<i>10,7</i>	<i>-1,6</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалардың</i>	<i>6,0</i>	<i>14,7</i>	<i>23,5</i>	<i>4,6</i>
<b>Теңгедегі депозиттер</b>	<b>7,4</b>	<b>4,6</b>	<b>4,8</b>	<b>14,5</b>
<b>Шетел валютасындағы депозиттер</b>	<b>7,7</b>	<b>28,7</b>	<b>41,6</b>	<b>-7,5</b>

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

<sup>1</sup> Басқа депозиттер – белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе қарапайым коммерциялық операцияларда қолдану үшін барынша ыңғайсыз және негізінен, жинақтау тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулерге ие жинақтық және мерзімді депозиттер.


Жалпы алғанда, 2015 жылғы маусымның соңында теңгедегі салымдар бойынша мөлшерлемелердің сәуірде және мамырда өсуінің (тиісінше 10,2% және 11,4%) тіркелгеніне қарамастан, ұлттық валютада тартылған салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі төмендеді (6,9%-ға дейін). Шетел валютасындағы салымдар бойынша мөлшерлемелердің мәні 3,1%-ға дейін ұлғайды.

Нәтижесінде, теңгедегі депозиттер бойынша мөлшерлемелердің орташа мәні 2015 жылғы 2-тоқсанда 9,5%-ға дейін (2015 жылғы 1-тоқсанда – 11,5%), еркін айырбасталатын валютадағы депозиттер бойынша 2,8%-ға дейін (2,9%) азайды.

Банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2015 жылғы маусымда 6,9%-ды (2014 жылғы желтоқсанда – 8,8%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 7,9%-ды (8,1%) құрады (25-график).

25-график

**Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің серпіні**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 2-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 7632,6 млрд. теңгеге дейін 8,7%-ға ұлғайды, бұл ретте өсім жылдық көрсеткіште (2014 жылғы маусымға қарағанда 2015 жылғы маусым) өзгерген жоқ. Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттерінің көлемі бір жыл ішінде 1,9%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 2,8%-ға ұлғайды (26-график).

26-график

**Занды тұлғалар депозиттерінің өзгеру серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2015 жылғы 2-тоқсанда 4327,4 млрд. теңгеге дейін 1,6%-ға аздап ұлғайды, бұл ретте өсу жылдық көрсеткіш бойынша 0,1% болды. Жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттерінің көлемі жылдық көрсеткіш бойынша 28,6%-ға төмендеді, шетел валютасындағы депозиттер 25,2%-ға ұлғайды (27-график).

27-график

**Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.2.2. Экономикаға кредиттер

2015 жылғы 2-тоқсанда банктердің экономикаға кредиттері 10711,5 млрд. теңгеге дейін 11,1%-ға төмендеді. Бұл төмендеу «Казкоммерцбанк» АҚ пен «БТА Банк» АҚ банктері арасындағы активтер мен міндеттемелерді бір уақытта беру операциясын жүзеге асыруға, сондай-ақ «БТА Банк» АҚ лицензиясының қолданылуын тоқтатуға және оның банк жүйесінен шығуына байланысты орын алды. Заңды тұлғаларға кредиттер 2015 жылғы сәуір-маусым айларында 6713,2 млрд. теңге болып, 17,2%-ға азайды, жеке тұлғаларға кредиттер – 3998,3 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 8107,6 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға, шетел валютасындағы кредиттер 2603,8 млрд. теңгеге дейін 28,2%-ға азайды.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2015 жылғы сәуір-маусым айларында 8660,0 млрд. теңгеге дейін 10,8%-ға, қыскамерзімді кредиттеу 2051,5 млрд. теңге болып, 12,3%-ға төмендеді. Нәтижесінде ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы 2015 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда 80,6%-дан 80,8%-ға дейін ұлғайды.

2015 жылғы маусымда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 14,2%-ға дейін төмендеді (2015 жылғы наурызда – 18,1%), ал жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша 16,3%-ды (2015 жылғы наурызда – 18,5%) құрады. Жалпы алғанда, 2015 жылғы 2-тоқсанда қарыз алу құны алдыңғы кезеңнің деңгейіне қатысы бойынша азайды (28-график).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттер құрылымындағы берешектің негізгі көлемі айналым қаражатын сатып алуға (25,3%), азаматтардың тұтыну мақсаттарына (24,2%), басқа мақсаттарға (29,5%), сондай-ақ негізгі қорларды сатып алуға (9,3%) берілген кредиттерге тиесілі.

Салалық бөлікте банктердің экономикаға кредиттері бойынша ең көп берешегі басқа салаларға (өндірістік емес сала және дара қызмет) – 50,1%, сауда-саттыққа – 20,3%, өнеркәсіпке – 12,2%, құрылысқа – 9,1% тиесілі.

2015 жылғы 2-тоқсанда сауда-саттықты кредиттеу 7,8%-ға, өнеркәсіпті – 4,6%-ға, құрылысты – 25,3%-ға, көлікті кредиттеу – 7,3%-ға азайды. Байланысты кредиттеу 36,1%-ға, ауылшаруашылығын кредиттеу – 1,2%-ға ұлғайды.

28-график

**Экономикаға берілген кредиттердің серпіні және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелері**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы маусымға қарағанда 2015 жылғы маусымда) 18,1%-ға төмендеді. Орналастыру мерзімдері бойынша кредиттер құрылымында өзгерістер орын алды. Заңды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде ортамерзімді және ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 2015 жылғы маусымның соңында 72,1% болды, ал 2015 жылғы наурызда 73,3%-ға жетті.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы кредиттері жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда) 5,4%-ға, шетел валютасындағы кредиттері 36,6%-ға төмендеді (29-график).

29-график

**Занды тұлғаларға берілген кредиттердің серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2015 жылғы маусымда 2014 жылғы тиісті айлармен салыстырғанда 7,4%-ға көтерілді. Жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі ортамерзімді және ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 2015 жылғы маусымның соңында 95,6%-ды құрап, бұрынғы деңгейінде қалды.

Жылдық көрсеткіш бойынша халыққа ұлттық валютада берілген кредиттер 7,4%-ға елеулі өскенін, шетел валютасымен берілген кредиттер 34,4%-ға төмендегенін көрсетті (30-график).

30-график

**Халыққа берілген кредиттердің серпіні  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


### 3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері

#### – Активтер

2015 жылғы 2-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктер активтерінің мөлшері 18,9 трлн. теңгеге дейін 12,2%-ға азайды. Банктердің активтері жылдық көрсеткіш бойынша (2014 жылғы маусыммен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда) 16,9%-ға азайды (31-график).

31-график

#### Банктер активтерінің серпіні, млрд. теңге



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің сыртқы активтері 2015 жылғы маусымда активтердің жалпы көлемінің 8,1% иеленді немесе 1,5 трлн. теңге болды. 2014 жылғы маусыммен салыстырғанда олар 68,0%-ға төмендеді.

Сыртқы активтердің құрылымында 2015 жылғы маусымда бейрезиденттерге берілген кредиттер 20,5% (2015 жылғы наурызда – 57,0%), бейрезиденттерде орналастырылған депозиттер – 36,1% (2015 жылғы наурызда – 15,7%), бейрезиденттердің бағалы қағаздары – 3,8% (2015 жылғы наурызда – 3,5%), алуға басқа да шоттар – 39,6% (2015 жылғы наурызда – 23,9%) болды.


Ішкі активтердің үлесіне 2015 жылғы маусымда 91,9% немесе 17,4 трлн. теңге тиесілі болды, оның ішінде ұлттық валютамен ішкі активтер 68,8% немесе 11,9 трлн. теңге, шетел валютасымен – 31,2% немесе 5,4 трлн. теңге болды. 2015 жылғы

2-тоқсанда ішкі активтер 3,7%-ға, оның ішінде ұлттық валютамен 4,2%-ға, шетел валютасымен – 2,6%-ға төмендеді (32-график).



32-график

**Банктер активтерінің құрылымы, %**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**– Міндеттемелер**

2015 жылғы 2-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 1,8%-ға төмендеді және 2015 жылғы маусымның соңында 14,7 трлн. теңге болды (33-график).

33-график

**Банктер міндеттемелерінің серпіні, млрд. теңге**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент емес алдындағы міндеттемелері 2015 жылғы наурызбен салыстырғанда 2015 жылғы маусымда 1,3 трлн. теңгеге дейін (6,8 млрд. АҚШ доллары) 1,3%-ға төмендеді, 2014 жылғы тиісті айға 8,8%-ға төмендеді. 2015 жылғы маусымның

соңында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктер міндеттемелерінің барлық көлемінің 8,6% иленіп отыр.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2015 жылғы маусымда 2015 жылғы наурызбен салыстырғанда 21,6%-дан 20,9%-ға дейін төмендеді, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің үлесі 63,5%-дан 64,1%-ға дейін өсті, резидент еместерден алынған кредиттер, тиісінше 10,8%-дан 11,4%-ға дейін өсті.

2015 жылғы 2-тоқсанда резидент еместер алдындағы міндеттемелер 13,5 трлн. теңгеге дейін 1,8%-ға төмендеді, оның ішінде ұлттық валютамен міндеттемелер 7,4 трлн. теңгеге дейін 3,1% өсті, шетел валютасымен міндеттемелер 6,1 трлн. теңгеге дейін 0,3% төмендеді (34-график).

Таким образом, во 2 квартале 2015 года по обязательствам банков наблюдалось понижение обязательств, как перед резидентами так и перед нерезидентами.

34-график

### Банктер міндеттемелерінің құрылымы, %




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер

2015 жылғы 2-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер деңгейінің төмендеуі байқады.

KazPrime индикаторы орташа алғанда 2015 жылғы 2-тоқсанда орташа алғанда 9,00%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда орташа алғанда 8,98%-ға дейін төмендеді. 2015 жылғы маусымның соңында индикатордың деңгейі 8,35% болды (35-график).

## 35-график

**KazPrime индикаторының және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің серпіні, %**

Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Автоматты РЕПО секторында мөлшерлемелер деңгейінің төмендеуі байқалды.


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2015 жылғы 2-тоқсанда төмендеді және 9,37% (2015 жылғы 1-тоқсанда – 14,87%) болды. Бұл ретте, оның бір күндегі ең жоғары деңгейі 13,50%, ал ең төменгі деңгейі – 0,35% болды.

2015 жылғы 2-тоқсанда 7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 0,58%-дан 13,9%-ға дейінгі аралықта болды (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 8,89% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 2,0%-дан 13,0%-ға дейінгі (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 8,92% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 3,43%-дан 13,0%-ға дейінгі (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 9,79% болды) аралықта өтті (36-график).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2015 жылғы 2-тоқсанда 2015 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 41,4%-ға төмендеді.

36-график

**РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер серпіні, %**



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

## 4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары


2015 жылғы 2-тоқсанда ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығының біршама күшеюі байқалды. Жалпы алғанда, бүкіл кезең бойында пайыздық мөлшерлемелер біртіндеп төмендеп, тек 2015 жылдың мамырында мөлшерлемелердің деңгейі біраз көтерілді.

2015 жылғы 2-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгеріссіз қалды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 5,5% деңгейінде, банктерден тартылған 7 күндік мерзімдегі депозиттер бойынша мөлшерлеме 3,05% деңгейінде сақталды.

Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2015 жылғы 1-тоқсанда 5,38%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда 4,98%-ға дейін өсті. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2015 жылғы 1-тоқсандағы 13,96%-дан 2015 жылғы 2-тоқсанда 8,89%-ға дейін өсті (37-график).

37-график

### Ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер, %




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары барлық кезең бойында біртіндеп артып отырды, ал банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары салыстырмалы түрде тұрақты болып қалды. Жалпы алғанда, ұлттық валютамен корреспонденттік шоттардағы қалдықтардың көлемі 2015 жылдың маусымының аяғына 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,3 есе артты, шетел валютасымен – 8,2%-ға өсті (38-график).

38-график

**Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар, млрд. теңге**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар**

2015 жылғы 2-тоқсанда Қазақстан қор биржасының валюта сегментінде және банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемі 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 1,9%-ға төмендеп, 15,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан қор биржасында доллар позициясындағы биржалық сауда көлемі 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 3,4%-ға артты және 14,1 млрд. АҚШ долларын құрады (Қазақстан қор биржасында сауда-саттықтың нетто-көлемі брутто-көлемінің 85%-н құрады). Биржадан тыс валюта нарығында 2015 жылғы 2-тоқсандағы операция көлемі 2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 36,7%-ға төмендеді және 1,3 млрд. АҚШ долларын құрады (39-график).

39-график

**Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ доллары**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасына қатысу коэффициенті -34,9% болды (2015 жылғы 1-тоқсанда ол -16,8% болған) (40-график). Осылайша, 2015 жылғы 2-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын басым сатушы болып табылған.

40-график

**Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті, %**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.2. Ең төменгі резервтік талаптар**

2015 жылғы сәуір-маусымда резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа алғанда 1,8 есе (2015 жылғы 2-тоқсанда – 2,2 есе, 2015 жылғы 1-тоқсанда – 1,7 есе) асып түсті (41-график).

41-график

**Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. теңге**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.3. Ашық нарық операциялары**

2015 жылғы 2-тоқсанда Ұлттық Банктің қысқамерзімді ноттарына сұраныстың жоқ болуына байланысты, банктер тарапынан оларды орналастыру бойынша аукциондар өткен жоқ. 2015 жылғы маусымның аяғындағы жағдай бойынша қысқамерзімді ноттар айналыста болған жоқ (42-график).

42-график

**Айналыстағы қысқамерзімді ноттар, млрд. теңге (кезең аяғында)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі




#### 4.4. Тұрақты механизмдер

2015 жылғы 2-тоқсанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі ұлғайды. Бұл ретте банктерден депозиттер тартудың барынша көп көлемі маусым айында тіркелген. Жалпы, 2015 жылғы 2-тоқсанда 500,9 млрд. теңге сомаға депозиттер тартылған, бұл 2015 жылғы 1-тоқсандағы көлемнен 4,8 есе көп және 2014 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 4,2 есе аз.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2015 жылғы 2-тоқсанда 3,05% құрады (43-график).

43-график

#### Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 2-тоқсанда банктердің депозиттері бойынша Ұлттық Банктің өтелмеген міндеттемелерінің көлемі өсті. 2015 жылғы маусым айының қорытындысы бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек көлемі 186,7 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылғы желтоқсан айының соңындағы көлеммен салыстырғанда 12,0 есе көп (44-график).

44-график

**Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.теңге (кезең аяғында)**




Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2015 жылғы 2-тоқсанда қайта қаржыландыру қарыздарының жалпы көлемі 2,4 трлн. теңге болды. Осы операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 6,0%-ға азайды (45-график).

45-график

**Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)**



Дереккөзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі